

4. Бозбаева А.Г. *Оценочность рекламного текста СМИ Республики Казахстан: автореферат диссертации кандидата филологических наук.* - Алматы, 2006. - 28 с.
5. Дворецкий И.Х. *Латинско-русский словарь.* - М.: Рус. яз., 2000. - 846 с.
6. Ученова Н.Н., Старых Н.В. *История рекламы: детство и отрочество.* - М.: Смысл, 1994. - 96 с.
7. Кожамкулова Ж.Т., Урузбаева Н.А., Тулембаева А.Н. *Коммерческое предпринимательство.* - Алматы: Казак университеты, 1999. - 135 с.
8. Жаббаева А.Н. *Бүгінгі күнгі нарықтағы жарнаманың қалыптасуы // Қазіргі тіл біліміндегі дискурстың мәселелері: теория мен тәжірибесі: халықаралық ғылыми-практикалық конференция.* - Алматы: Абылай хан ат. ҚазХҚжӘТУ, 2006. - 199-201 бб.
9. *Түркістан уәлаятының газеті, 1870. 28 сәуір, 1 бет.*
10. *Жарнама туралы: Қазақстан Республикасы Занының ресми мәтіні.* - О рекламе; Официальный текст Закона Республики Казахстан. - Алматы; Жеті жарғы, 2004. - 32 бет.
11. *Виноградов В.С. Перевод: общие и лексические вопросы: учебное пособие.* - М.: КДУ, 2004. - 240 с.

References:

1. *Asanbaeva S.A. Jarnama salasynda memleketik tildi qoldanudyń özeıti sociolingvistikalıq мәseleleri: olardy şeıu joldary. Fil. ğyl. kand. ... disertasiy.* - Almaty, 1999. - 150 bet.
2. *Soltanbekova G.A. Qazaq jarnamalary: tildik sipaty jáne olardyń yqpal etu qyzmeti. Fil. ğyl. kand. ... disertasiy.* - Almaty, 2001. - 145 bet.
3. *Filipova İ.M. Reklamnyı teks v SMİ Respubliki Kazahstan: diss. na soisk. kandidata filologicheskikh nauk.* - Almaty, 2002. - 140 s.
4. *Bozbaeva A.G. Osenochnost reklamnogo teksta SMİ Respubliki Kazahstan: avtoferat disertatii kandidata filologicheskikh nauk.* - Almaty, 2006. - 28 s.
5. *Dvoreski İ.H. Latinsko-ruski slovär.* - M.: Rus. iaz., 2000. - 846 s.
6. *Uchenova N.N., Staryh N.V. İstoria reklamy: detsıvo i otrochestvo.* - M.: Smysl, 1994. - 96 s.
7. *Kojamkulova J.T., Uruzbaeva N.A., Tulembaeva A.N. Komercheskoe predprinimatelstvo.* - Almaty: Kazak universitety, 1999. - 135 s.
8. *Jabaeva A.N. Bügingı küngı naryqtağy jarnamanyń qalyptasuy // Qazırgı til bilimindegi diskurstyń мәseleleri: teoria men täjiribesı: halyqaralyq ğylymi-praktikalıq konferensia.* - Almaty: Abylai han at. QazHQjÄTU, 2006. - 199-201 bb.
9. *Türkistan uäläiatynyń gazeti, 1870. 28 säuir, 1 bet.*
10. *Jarnama turaly: Qazaqstan Respublikasy Zanyıńy resmi mäıını.* - O reklame; Ofisiälnyi teks Zakona Respubliki Kazahstan. - Almaty; Jeti jarğy, 2004. - 32 bet.
11. *Vinogradov V.S. Perevod: obšie i leksicheskie voprosy: uchebnoe posobie.* - M.: KDU, 2004. - 240 s

МРНТИ 16.21.45

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.32>

Нұртаева А.Б.,¹ Абдирасилова Г.Қ.,² Шойбекова Ғ.Б.³

^{1,2,3} Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

СӨЗЖАСАМДЫҚ АНТОНИМИЯНЫҢ УӘЖДЕМЕЛІК СИПАТТАРЫ

Аңдатпа

Мақалада сөзжасамдық уәждеменің антонимиялық сипаттары сөз болады. Сөзжасамдық антонимия тілдегі жаңа сөз жасаудың бастамасы ретінде көрініс табады. Жалпы және қазақ тіл білімінде сөзжасамдық антонимия жайлы жазылған еңбектер бар. Бірақ ол еңбектерде сөзжасамдық антонимияның энантиосемияның бастауы болатыны жайлы айтылмаған. Сөзжасамдық антонимияда бірінші кезекте түбір сөздер көбірек уәжделеді. Себебі түбір сөздер ешқандай жұрнақ жалғанбаған, яғни өзге қосымшалардың грамматикалық мағыналарын жамамаған. Сондықтан уәждемелік қатынасқа тез әрі оңай түседі де, мағыналық дамуға бейім келеді. Ал қосымшалар жалғанған болса, олардың да мағыналық дамуға түсуге мүмкіндігі бар, бірақ түбір сөздегідей оңай емес, әрі мағыналық дамуы көп болмайды. Тек екі-ақ рет мағыналық дамуға түседі де, әрі қарай даму мүмкіндігінен айрылады. Себебі қосымшалар мен олардың мағыналары олардың көбірек семантикалық дамуына кедергі жасайды.

Түйін сөздер: сөзжасам, антоним, уәждеме, фонетика-семантикалық уәждеме, сөз мағынасы, мағыналық даму, уәждемелік қатынас

Nurtaeva A., ¹ Abdirasilova G., ² Shoibekova G. ³

^{1,2,3} Kazakh National Women's Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan

MOTIVATIONAL CHARACTERISTICS OF WORD-FORMING ANTONYMY

Abstract

The article deals with the antonymic characteristics of word-forming motivation. Word-forming antonymy is manifested as the beginning of creating a new word in the language. In Kazakh linguistics, there are works on word-forming antonymy. But work is not considered that derivational antonyms is the beginning of enantiosemy. In the derivation of antonymy in the first place, motivated by the same root word. Because single-root words do not have any suffix, that is, they do not cover the grammatical meanings of other affixes. Therefore, it is quick and easy to relate to motivational relationships and is prone to semantic development. And if affixes are added, they also have the possibility of semantic development, but not so easily, as in the root and there will be no semantic development. Only twice gets into semantic development and is deprived of the possibility of further development. Because the affixes and their values inhibit the semantic development.

Keywords: word formation, antonyms, motivation, phonetics-semantic motivation, word meaning, semantic development, motivational attitude

Нуртаева А.Б.,¹ Абдирасилова Г.К.,² Шойбекова Г.Б.³

^{1,2,3} Казахский национальный женский педагогический университет,
Алматы, Казахстан

МОТИВАЦИОННЫЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ СЛОВООБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ АНТОНИМИИ

Аннотация

В статье рассматриваются антонимические характеристики словообразовательной мотивации. Словообразовательная антонимия проявляется как начало создания нового слова в языке. В казахской лингвистике имеются труды о словообразовательной антонимии. Но в трудах не рассматривается, что словообразовательная антонимия является началом энантиосемии. В словообразовательной антонимии, в первую очередь, мотивированы однокоренные слова. Потому что однокоренные слова не имеют никакого суффикса, то есть не покрывают грамматические значения других аффиксов. Поэтому они относятся к мотивационным отношениям и склонны к смысловому развитию. В случае прибавления аффиксов так же есть возможность смыслового развития, но не так легко, как в корне. Это происходит только дважды и лишается возможности дальнейшего развития. Потому что аффиксы и их значения препятствуют семантическому развитию.

Ключевые слова: словообразование, антоним, мотивация, фонетика-семантическая мотивация, смысл слова, смысловое развитие, мотивационное отношение

Кіріспе. Қазақ тіліндегі түбірлердің мағыналық дамуында міндетті түрде уәждемелік қатынастың жүргені айқын. Уәждеменің бағыт-бағдары сөздердің семантикалық ерекшеліктеріне сай анықталады. Түбірлері бірдей, болғанмен мағыналары арасында ерекшелік болады. Себебі олардың семалары жіктелгенде тең мағыналық сипатқа ие бола алмайды. Сонымен бірге бір буынды сөздердің дыбыстық жамылғылары бірдей болмауы мүмкін. Дыбыстық жамылғылары бірдей болмағанмен, мағыналары туыстықтан ажырамаған кейіпте, кей жағдайда өмірдің қарама-қарсылықтар заңы бойынша мағыналарының бастауы бір болатын жағдайлар кездеседі. Бір-біріне себепші негіз болған сөздердің белгілі бір дыбыстық сәйкестіктер арқылы ажырап, не бірдей мағыналы, бірақ дыбысталуы өзгеше сөздер қалыптасуы мүмкін. Немесе, мағыналары да басқа, дыбысталуы да өзгеше ұғымдар мен атау, сөздер пайда болады. Зерттеу нысандары бар екі аспектінің негізінде қарастырылғанымен, антонимия мен сөзжасам проблемалары бір-бірімен байланысты. Бұл екі проблеманың бір-бірімен байланысы бар екені тіл білімінде қарастырылып жүрген мәселе. Ендеше тіл ғылымында тек мағына жағынан ғана емес, форма тұрғысынан айырмашылығы бар антонимдермен қоса, бір концепт, бірақ екі ұғым негізінде жасалған сөзжасамдық антонимдер де бар.

Әдістеме. Сөзжасамдық антонимиялар лексикалық антонимиялар құрамына ене отырып, олардың құрамын толықтырады. Сөзжасамдық процесс негізінде пайда болған антонимиялар дайын компонент ретінде қолданылады. Олардың жасалуында белгілі бір туыстық, мағыналық жақындықтың бары сезіліп, сол тұлғалық, мағыналық тұтастығы (сәйкестіктер арқылы) сақталған бір-біріне қарама-қарсы, оппозицияда тұрған сөздер қарастырылады. Антонимия проблемасын лексикалық тұрғыдан емес, сөзжасамдық құбылыс ретінде зерттеудің тіл білімінде кенже қалып келе жатқанын орыс ғалымдары жазып жүр. Сөзжасамдық құбылыс ретінде анықталған сөздерді тану үшін сөзжасамдық тұлғалардың арасындағы антонимдік қатынасты анықтауымыз керек. Антонимдік қатынас орыс зерттеушісі Л.А.Новиков айтқандай туыстас, шектес ұғымдардың бірлігі ме, жоқ әлде заттардың алшақтығы ма екендігін анықтау керек [1].

Антонимдік сөзжасамдық мағына деп бір ұғымдық қатарда тұрып, қарама-қарсы түсінік беретін сөзжасамдық типтердің мағынасын айтуымызға болады. Орыс сөзжасамында қарама-қарсы мәндегі сөздерді лексикалық антонимия және сөзжасамдық антонимия деп екіге бөліп қарастыру үрдісі бар. Екіге бөліп қарастырған соң олардың арасында айырмашылық бар деген сөз. Лексикалық антонимдік жұптардың арасында сөзжасамдық қатынас жүрмейді. Мысалы, жоғары – төмен, алыс – жақын, оң - теріс т.б. Бұл сөздердің мағына айырмашылығымен қатар форма ұқсастығы да көрінбейді. Ал сөзжасамдық антонимдік жұптардың арасында сөзжасамдық уәждемелік қатынас жүреді. Мұндай процестерде мағына айырмашылығы болады, бірақ олар туыстас, шектес ұғымдардың бірлігінен тұрады. Сондай-ақ оларға формалық өзгеріс тән. Формалық өзгеріс сөздің сыртқы жамылғышында, яғни фонетикалық ерекшелігінде. Уәждемелік қатынас сөзжасамның фонетика-семантикалық тәсілдің көмегімен жасалғандықтан, фонетика-семантикалық уәждемелік қатынас деген терминді қолданған. [1, 106 б.].

Талқылау. Сөзжасамдық антонимдер сөзжасамның да, лексиканың да нысаны ретінде қарастырылады. Себебі олардың жасалу тұрғысын, жайын, сөзжасам саласында, дайын компонент ретінде лексика саласында қарастырамыз.

Сөзжасамдық антонимдер сөздердің уәждемуімен тығыз байланысты. Сөзжасамдық формалардың уәждемуіндегі көпқырлылық антонимдік-лексикалық мағыналардың көпқырлы, жан-жақтылығына алып келеді. Антонимдердің қарама-қарсылықтар бірлігі олардың семантикалық ерекшеліктерінен көрінеді. Ал зат, құбылыс тұрғысынан алып қарағанда олардың бір-біріне ешқандай қарама-қайшылығы байқалмайды. Мына әлемде симметриялы жатқан заттардың, құбылыстардың барлығы қарама-қайшылық ұғымында орналасқан. Антонимдердің синтагматикалық ерекшеліктері жайлы жазылған еңбектерде заттың арнайы белгісі арқылы ажыратылған бірнеше мағынаның біреуі белгілі бір заттың қарсы жатқан белгісіне ұқсастығы антонимдердің мағына бірлігіне алып келеді. Антонимдер жайлы көптеген еңбектерде олардың белгілеріне қарап мынадай сипаттарын ажыратуға болады:

- а) нақты қарама-қайшылық // жақын қарама-қайшылық;
- ә) толық қарама-қайшылық // жартылай қарама-қайшылық;
- б) екі сөзді антонимиялық мағыналар саны;
- в) антонимдердің морфологиялық құрылымы (түбір немесе туынды сөзден)
- г) антонимдік жұп деп саналған тілдік бірліктің типі (грамматикалық немесе лексикалық антонимия) бір сөзден

жасалған антонимия немесе фразеологиялық антонимия.

Антонимия симметриялы жатқан құбылыстардың ұғымдық қарама-қайшылығы деп танысақ, демек, бұл абстрактілі лексикаға тән нәрсе.

Мысалы, Биік – аласа, жоғары – төмен, ақ – қара сынды қарама-қарсы бағыттағы сөздерде антонимдік сипат айқын байқалып тұр. Бұл жағдайда антонимдік жұптардың мағыналары бір-бірінен алшақ. Ал дыбыстық сәйкестіктер негіз болған қарама-қарсы бағыттағы, бірақ мағыналары ортақ сөздердің түп негізі, қайнар бұлағы, біздіңше, біреу. Мұндай қарама-қарсылықтың ортақ негізі адамзаттың танымының бірізділігінде, сондай-ақ таңбаның, ұғымның белгілі бір затқа, құбылысқа қатысты екендігінде. Сөзжасамның фонетика-семантикалық тәсілі арқылы жасалған антонимдік мағыналардың табиғаты қызық та, күрделі болған.

Бір буынды сөздердің дамуында фонетика-семантикалық ерекшеліктері басым көрініп жатады. Олардың мағыналары дамып, жеке номинативті атау ретінде танылған соң, дара сөзжасамдық мағынасы өзге екі, үш, төрт буынды сөздерді уәждеуі алады. Осы бөлімімізде бір буынды сөздің бәріне буынды сөздерді уәждеудегі жолдарын: семантикалық, фонетика-семантикалық жолдарын қарастыруға талпынамыз. Туынды сөздердің мағыналарын ашудағы негізгі дереккөздер кіріспе бөлімде көрсетілгендей, негізінен сөздіктер болып есептеледі.

«Өс» бір буынды сөзінің мағыналық дамуы және бірнеше буынды сөз тудырудағы ролі.

«Өс» сөзі негіз болған, мағыналық байланысы үзілмеген тұлғаларға талдау жасап көрейік. Қазіргі қазақ тілінде бұл сөздің мынадай мағыналық қырлары бар:

«Өс» сөзі:

1. өсімдіктің жан-жаққа тамырларын таратып, жапырақ жайып, өсіп-өнуі.
2. Адамзат, жан-жануарлардың үлкейіп, ер жетуі.
3. Сан жағынан арту, молаю,
4. Ауыс. Қызмет дәрежесінің, атақ лауазымының жоғарылауы.
5. Ауыс. Алға басу, даму, өркендеу.

6. Бойы өсіп, бұғанасы қатты. Ер жетті, есейді. Бірге өсіп, біте қайнады – құлын-тайдай тебісіп қатар жүрді; Көзінің еті өсті – Дандайсыды, менменсіді, менсінбеді. Көңілі өсті – Еңсесі көтерілді, қуанышы артты, масаттанды, шаттанды. Өркенің өссін – тұқымың көбейсін; Өсе келе – дами келе, қалыптаса келе; Тел өсті – жұбын жазбай қатар өсті, бірге өсті [2, ҚТТС, 579 б.].

Байқап отырғанымыздай бұл сөздің мағыналық қырлары өте көп және олардың арасында семантикалық байланыс үзілмеген. Бәріне ортақ мағына – белгілі бір нысанның дамуы, жоғары жаққа қарай бой ұзартуы, өсуі.

Көне түркі тілінде де негізгі мағынасын сақтап қалған. ӨС – өсу [3, 391]. В.В.Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий» атты сөздігінде өс сөзінің бірнеше мағыналары бір сөзжасамдық ұяда берілген: 1) Өс=ус, 2) өс=ос - өшу, сөну, 3) өс=өз, өзі, сол адамның өзі, 4) өс: а) өсу – бойы өсу, баланың өсуі, ә) өсу – көбею, үлкею

«Өс» сөзжасамдық ұясындағы екінші өшу, сөну және төртінші мағыналары өсу, көбею мен бірінші үш және үшінші өз, адамның өзі мағыналарының арасында қазіргі қазақ тілі тұрғысынан тек тұлғалық байланыс болмаса мағыналық байланыс жоқ. Олардың мағыналық жігінен генетикалық-семантикалық кодтың нышаны байқалмайды. Ал Өс - өшу, сөну мағынасы мен Өс - өсу, үлкею, көбею мағыналарының арасындағы уәжділік қатынастардың барлығына күмән келтірмейміз.

«Өс» сөзі қазіргі қазақ тілінде бірнеше сөздерге негіз болған: өсім, өсімдік, өсімтал, өспірім, өсек (өсіріп айтылған сөз), өсекші, өсек-аян т.б. И.Блинованың жоғарыдағы сөздердің уәжделу жолын белгілеген сызбасын ескере отырып, өсім сөзінің уәжделуін түсіндіруімізге болады:

Өсім сөзі ө+с+і+м дыбыстық жамылғысынан тұрады.

Дыбыстық жамылғы белгілі бір пішін құрайды: ӨСІМ.

3. Уәжділік пішінің өзіне тән мағыналары болады. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде мына төмендегідей уәжділік мағыналар тармақталған:

Өсім. 1. Адам, жан-жануарлардың өсіп-өнуі, яғни өткен шақ мағынасындағы өсіп болған дайын өнім, өсім. 2. Қосымша түсетін жанама пайда, өнім, экономикалық термин - өсім. Өсімге берді – артығымен көбейтіп қайтаруға келісім-шарт жасады.

В.В.Радловтың сөздігінде: Өсум 1. Өсім – мал өсімі. 2. Процент (өсім) мағыналары бар. Анықтамада Өсум (von ос+ум) деп көрсетіледі. Бұл өсім сөзінің түп-тамыры өс сөзі екендігін дәлелдейді. Өсім сөзіне уәж болған сөз өс сөзі болса, оған жұрнақ жалғану арқылы өсім сөзі пайда болған. Демек, өс сөзінің құрылысы өзгеру арқылы өсім - құрылымдық уәждеме пайда болған. Өсім сөзінің құрылымдық уәждемесі жолымен қазақ тілінде тіл+ім, кес+ім, тұс+ім сияқты құрылымдық қалыптағы сөздерді атауымызға болады.

Бұл жағдайда өс – негіздеуші сөз болса, өсім толық лексикалық мағынаға ие негіздеуші сөз ретінде танылып отыр. Өсім сөзі негізделіп, жаңа лексика ретінде танылғаннан кейін өсімдік, өсімтал сөздерінің дамуына уәж болған.

Атаудың мұндай жолмен түсіндірілуі кез келген сөздердің сөзжасамдық белгілеріне сай келеді. Себебі сөздің сыртқы жамылғыштан, одан белгілі бір пішін пайда болатындығы, пішінің өзіне тән мағынасы болады, ол мағына қолданыла келе лексикалық мәнге ие бюолатындығы осылай нақтыланады.

Өсімдік. Жер бетіне егіп, өсіп шығатын ағаш, бұта, шөп тәрізді заттар [2, ҚТТС, 579]. Ұғымдық, мағыналық, тұлғалық дамудың нәтижесінде жоғары бағытты бетке алып өскен ағаш, бұта, шөптерге өсімдік деген атау берілген. Мұнда өсім сөзі негіздеуші қызмет атқарып, өсімдік сөзі уәжделуші қызметіне ие болып тұр. Өсімдік сөзінің құрылымдық қалыбымен, яғни бір сөзжасамдық қалып негізінде жасалған сөздерді келтіруімізге болады: өс+ім+дік, көр+ім+дік т.б.

Өсім сөзінің келесі негіз болған сөзі – өсімтал сындық мағыналы сөзі. Қазіргі қазақ тілінде тез өскіш, жетілгіш, көбеюге бейім деген мағыналарға ие. Көне түркі тіліндегі бұл сөздің мағыналарының арасында алшақтық байқалмағанымен құрылымдық пішіні өзгешелеу. Өсүмлю (von осум+лю) - өсімі мол, тез өскіш [3]. Өс сөзі өсім, өсімдік, өсімтал, өспірім лексикалық бірліктеріне уәж болумен қатар өсек, өсек-аян, өсек-өтірік, өсекш, өсекшіл сөздеріне де төркін болған. Уәждеменің ортақ сипаты саналатын уәждемелік қатынастар көпмағыналылық, антонимдік, омонимдік негізде іске асады. Өс сөзжасамдық ұядағы сөздердің мағыналарының бір-біріне антонимдік сипатта өрбігенін байқауға болады: өскө - күн өскөр келді – күн жоғары көтерілді; өскүр - өсіру; өспүрім – жасөспірім, жеткіншек; өскүре – 1) жетім қалу, 2) солу, өшу; өскүс – жетімсіреген [3, 1294]. С-ш сөзжасамдық қалыптары негізінде жасалған өс - өш сөздеріндегі антонимдік мағыналар да сөз дамуына критерий бола алады. Екеуіне ортақ мағына – белгілі бір бағытта қозғалыс жасау. Өс сөзіндегі бағыт жоғары қарай бағытталса, өш сөзінде төмен қарай бағыталады. Антонимдік мағыналық сипатта дамыған өс – өш, көр (көре алу) – көр (көре алмау, қараңғы), ас (тамақ) – аш (тамақ жоқ), кел – кет, жет (діттеген жеріне жету), жет (соңына дейін жете алмай орта жолда жетім болып қалу) секілді сөздерді мысалға алуымызға болады. Демек, сөздер ұғымдық, тұлғалық, мағыналық жақтан дамығанда бір-біріне қарама-қарсы ұғымдарды бір тұлға түрінде (фонетикалық өзгеріске ұшыраған) атаулардың пайда болуын тілдегі сөзжасамдық процесс деп танимыз.

Көне түркі сөздігінде өс сөзіне қарама-қарсы антонимдік мағынадағы өш сөзінің мағыналық тармағы мынадай: Өч 1. өшу, жоғалу. 2. өлу [3, ДТС, 391]. Жоғарыда берілген В.В.Радловтың сөздігінде өс сөзінің мағыналық парадигмалық шебінде өсу, жоғарылау, көбею, үлкею мағыналарымен қатар өшу, сөну, өлу мағыналары көрсетілген болатын.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: Өш 1. Жануын тоқтату. 2. Бір заттың бетіндегі жазу, бояуы кету. Жоғалу. 3. Ауыс. құру, кему, жоғалу. Аты өшті, ескерусіз қалды, ұмытылды, тұяғы қалмады. Өкпесі өшті – тынысы тарылды. Өш сөзі өшу, өшір, өшіргіш сөздеріне негіз болған. Дыбыстық жамылғы ө+ш+і+р негізінде пайда болған, уәжділік пішіні өшір, уәжділік мағыналары мыналар: 1. Жанған отты, майды, өртті сөндіру, бір нәрсенің жануын басу. 2. Ауыс. Бір нәрсені жоқ ету, жою. 3. Ауыс. Даусын басу, сөйлетпей қою [2, ҚТТС, 602]. Осы мағыналар негізінде біздің тілімізде бұл сөз дайын лексикалық бірлік ретінде танылып жүр. Өшір сөзі өшіргіш сөзіне негіз болғаны айқын құбылыс, себебі тілімізде мұндай қалыппен жасалған сөздер көптеп кездеседі: өш+ір+гіш, қат+ыр+ғыш, ас+ыр+ғыш. өшіргіш сөзінің тіліміздегі мағынасы - жазылған қатені өшіруге арналған құрал.

Сонымен өс=өш сөздері арасында антонимдік уәжділік қатынас жүріп, мағыналары қарама-қарсы бағытта дамығаны байқалады. Қазақ тіліндегі сөзжасамдық процесс адам танымындағы ұғыммен, болмыспен байланысты болғандықтан күрделі процесс саналады. Осы күрделілігіне орай сөздердің мағыналары да күрделі, сан-салалы, көп қырлы, әр жақты болып келеді. Оған екі қарама-қарсы бағытты меңзеуші бір қимылды атаушы өс және өш сөздерінің мағыналық жіктелістері куә. Сөздерді танымдық тұрғыдан қарастыру әлемнің объективті бейнесін, сөздің гендік дамуын тануға үйретеді.

Сөз мағыналарының дамуында бір-біріне қарама-қарсы бағытта қолданылатын, симметриялы жатқан сөздер тіл білімінде жиі кездеседі. Бұл сөз мағыналарының антонимдік негізде дами алатындығының көрінісі. Тілімізде тек тарихтың қатпарларында туыстас, мағыналас, шектес болған сөздер жиі кездеседі. Ондай сөздер тарихтың терең

қатпарларында түрлі дыбыстық өзгерістерге ұшырап, тілдік бірліктер жасалған. Сөйтіп адам қажетіне жарар атаулар пайда болған.

Осындай дыбыстық сәйкесулер арқылы жасалған антоним сөздермен бірге тілімізде протезалар негізінде жасалған туынды антоним сөздер мен бір кездері ата-бабамыздың тілі бастан кешкен, қазір тек тарихи зерттеу нәтижесінде ғана табиғатын ашуға болатын флексиялық құбылыстың да мағыналық жақтан дамыған сөздер туындатудағы ролі ерекше:

- қарама-қарсы мәндегі сөз жасауға қатысатын протезалық дыбыстар: ұласу – құлазу, үзу – созу, ар жағы – (б)ер жағы, іш – (т)ыс,
- бір кездегі тіліміздің флексиялық құбылысын бастан кешіргенін дәлелдейтін префикстер де кездеседі: кері – (іл)кері,
- тұрақсыз дыбыстардың көне түбір арасына кірігуі нәтижесінде де жасалады: өшу - ө(р)шу.

Қорытынды. Тіліміздегі протезалық құбылыс туралы көптеген түркітанушы ғалымдар жазып өткен болатын. Бұл ғалымдардың пікірі ғалым Б.Сағұндықұлының еңбегінде жинақталып, топталып берілген. Ғалым тілімізде қ мен к дыбысынан басталатын сөздердің бірқатарында тарих қойнауында түсіп қалып, элизияға ұшырағанын айтады. Мысал ретінде қадым – адым, күлбіреу – үлбіреу, қызу – ысу, қарық – арық сөздерін дәлел ретінде келтіреді. Бір кездері қ мен к әрпінен басталатын сөздердің көп болғанын сөз етеді. Мұндай фактілер тілімізде қ протезасының болғанына айқын дәлел бола алады. Демек, құлазу – ұласу сөздерін генетикалық жақындығы бар сөз деп тануымызға болады. Олардың мағыналарында алшақтық байқалғанмен ұғымдық сипатында жақындық бар. Мысалы, ұласу сөзінде ұзақтық, алға қарай жылжыту мәні жатса, құлазу сөзінде керісінше, алға емес, артқа жылжу мағынасы басымырақ, яғни төмендік мағынасы бар. Көз қарықтырады деген тіркестегі қарықтырады сөзі де жарық сөзімен тікелей байланысты, себебі көз жарықтан, ауыс мағынасында сұлулықтан қарығады. Міне тілімізде осындай қызықты фактілер көптеп кездеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Новиков Л.А. Антонимия в русском языке (семантический анализ противоположности в лексике). – М.: Изд-во МГУ, 1978. – 290 с.
- 2 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 10 томдық. – Алматы: Ғылым, 1983. – 7-т. – 671 б.
- 3 Древнетюркский словарь. – Ленинград: АН СССР, Ин. языкознания, 1969. – 676 с.
- 4 Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий: В 4-х т. – Москва: Изд. вост. лит., 1963. – Т. II. – 2500 с.
- 5 Шойбекова Ф.Б. Туынды сөздердің мағыналық ерекшелігі мен уәжділігі (семантикалық тәсіл). 10.02.02.– Қазақ тілі мамандығы бойынша филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. А., 2006. – 134 б.

References:

1. Novikov L.A. Antonimia v ruskom iazyke (semanticheski analiz protivopolojnosti v leksike). – М.: Изд-во МГУ, 1978. – 290 s.
2. Qazaq tiliniñ tüsındırme sözdıgı: 10 tomdyq. – Almaty: Ǵylym, 1983. – 7-t. – 671 b.
3. Drevnetürkski slovar. – Leningrad: AN SSSR, In. iazykoznanıa, 1969. – 676 s.
4. Radlov V.V. Opyt slovarä türkских narechii: V 4-h t. – Moskva: İzd. vost. lit., 1963. – T.II. – 2500 s.
5. Şoibekova Ǵ.B. Tuındy sözderdiñ maǵnalyq erekşelıgı men uäjdılıǵı (semantikalyq täsil). 10.02.02.–Qazaq tılı mamandyǵy boynşa filologia ǵylymdarynyñ kandidaty ǵylymi дәrejesın alu üşin дайындалған disertasia. А., 2006. – 134 b.

МРНТИ 16.01.45

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.33>

Оразбаева Ф.Ш.¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

ҚАТЫСЫМДЫҚ БІРЛІК НЕГІЗІ – ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ОРАЛЫМ

Аңдатпа

Бұл мақалада тілдік қатынастың басты көрсеткіші болып табылатын – қатысымдық бірліктер қарастырылып, қатысымдық бірліктердің функциясы, ерекшеліктері, қарым-қатынастағы маңызы, орны жазылған. Тілдің қатысымдық бірліктері сөз, сөйлем, мәтін және фразеологиялық оралым, олардың әрқайсысы жеке зерттеуді қажет етеді. Осыған сәйкес мақалада фразеологиялық оралымдардың тілдің қатысымдық, эмоционалды-экспрессивті қызметтерімен байланысы талқыланды. Қазақ тілінде кездесетін фразеологиялық тіркестердің фраза және идиома түрлеріне тоқталып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталды. Фразеологиялық тіркестердің семантикалық мәні, танымдық, эмоционалды, экспрессивті реңктері жайындағы ғалымдар пікірлері талданып, мысалдар келтірілді. Персонализациялық сапаға ие болған фразеологиялық тіркестердің ерекшеліктері, қолданылуы, жасалу жолдары талданды. Фразеологиялық тіркестердің қатысымдық белсенділігі, позитивтік-танымдық қызметі,